

СУ ДИПЛОМАТИЯСЫН ҚАЛАЙ КҮШЕЙТЕМІЗ?

5-БЕТ | САРАПТАМА



БІРЛЕСКЕН БӘРІНЕ ТИІМДІ

6-БЕТ | ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Кез келген мемлекеттің күші – халықта. Азаматтарымыздың жасампаздық қуатының арқасында еліміз кез келген кедергі мен тосқауылға қарсы тұрып, орасан зор табысқа жетеріне кәміл сенемін. Өздеріңіз білесіздер, мен түрлі жоспарлар құрып, стратегиялар жасауды құптай бермеймін. Себебі бос қиялға беріліп, құрғақ уәде беруге түбегейлі қарсымын. Болашаққа бағдар жасап, жоспар құрғанда өмірге шынайы көзқараспен қарағанын жөн деп санаймын. Біз өте қауырт дәуірге қадам бастық.

№10
(4908)
Сейсенбі
27 қаңтар
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ




ЦИФРЛАНҒАН ЕЛОРДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялаған болатын. Елордада Цифрландыру және жасанды интеллект технологияларын енгізу бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Астана қаласының жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңесі IT және ЖИ дамуының негізгі бағыттарын анықтау және пилоттық жобаларды масштабтау бойынша жұмысын бастады.

ЭКСПРЕСС АВТОБУСТАР КӨБЕЙДІ

Бас қалада №506, 507, 508 жаңа экспресс-бағдарлары іске қосылды. Бұл жөнінде CTS компаниясының баспасөз қызметі хабарлады.

CTS компаниясының мәліметінше, №506 автобусы – І.Жансүгіров көшесі – «Family village» тұрғын үй кешені аралығында, №507 автобусы «Нұрлы жол» теміржол вокзалы – «Жағалау-4» тұрғын үй кешені аралығында, ал №508 бағдары «Нұрлы жол» теміржол вокзалы – «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы» аралығында жүреді. Жаңа бағдарлардың аялдамалар бойынша кестесі CTS компаниясының ресми сайтында жарияланған. Жаңа бағыттар жолаушылардың уақытын үнемдеуге және қала ішінде қатынауды жеңілдетуге мүмкіндік береді.







Қазақстанда жұмыспен қамтылған халық саны 9,7 миллионнан асты. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мәлім етті.

«2025 жылдың III тоқсанында республика бойынша орташа айлық жалақы 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 10 пайызға өсіп, 429368 теңгеге жеткен» делінген министрліктің жауабында.

Сонымен қатар жалақының медианалық мөлшері 302584 теңгені құраған. Бұл көрсеткіш ел азаматтарының жартысы осы сомадан төмен, ал жартысы одан жоғары жалақы алатынын білдіреді. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда ең төменгі жалақы мөлшері 85000 теңге болып белгіленген. 2026 жылы да дәл осы көрсеткіш сақталып қалды.



6-22 ақпан аралығында Италияның Милан және Кортина-д Ампеццо қалаларында өтетін XXV қысқы Олимпиада ойындарына елордадан 4 спортшы қатысады.

Астана қаласынан қысқы Олимпиада ойындарына 3 спорт түрі бойынша 4 спортшы жолдама алған. Атап айтқанда, шорт-трек, конькимен жүгіру және мәнерлеп сырғанау спортынан елордалық спортшылар бақ сынайды.

«Шорт-трек бойынша Қазақстан ұлттық құрамасының жетекші спортшыларының бірі Абзал Әжіғалиев 500 метр қашықтықта және аралас эстафетада өнер көрсетеді. Мәнерлеп сырғанаудан София Самоделкина Қазақстан намысын қорғайды. Ал конькимен жүгіру спорт түрінен Елизавета Голубева мен Кристина Силаева жарыстарға қатысады» деп мәлім етті Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Азамат Ағзамов.

№10 (4908) 27/01/2026 Сейсенбі

AQORDA



ЖАҢА САЯСИ ЖҮЙЕГЕ ҚАДАМ БАСАМЫЗ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Бас прокуратурада жиын өткізді. Мемлекет басшысы елімізде ауқымды өзгерістер жасалып жатқанын және алдымызда Конституциялық реформа жүргізу, мүлде жаңа саяси жүйеге қадам басу міндеті тұрғанын айтты. Сонымен қатар жаңа дәуірде барлық салаға цифрландыру мен жасанды интеллектіні жаппай енгізу жұмысымен белсенді түрде айналысу қажет екенін атап өтті.

«Қоғамымызға, жалпы елімізге заң үстемдігі, тәртіп мықтылығы ауадай қажет. Кейбір шет елдерде болып жатқан қазіргі өте күрделі ахуалды көріп, бұл саясатымыздың дұрыстығына бәріміздің көзіміз жетіп отыр, оған ешқандай күмән жоқ. Заң мен тәртіп мемлекеттік саясатымыздың негізгі қағидаты ретінде қабылдануы керек, бұл қағидатты жаңа Конституциямызға міндетті түрде енгізу қажет деп санаймын. Себебі бұл ешқашан өзектілігін жоғалтпайтын, өміршең қағидат екені даусыз. Бас прокуратураның осы саладағы рөлі аса маңызды. Прокуратура қызметкерінің заңның бұзылуына бейтарап, селқос қарауға құқығы жоқ» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев құқық қорғау жүйесін цифрландыру үдерісі біркелкі емес, яғни әр жерде әрқалай жүргізіліп жатқанына назар аударды.

«Әр мекеме цифрлық жүйесін өз бетімен дамытуда. Бұл шаруа жүйесіз жүргізіліп жатыр. Біртұтас жүйе жоқ. Мысалы, кейбір органдар цифрлық тәсілдерді ұтымды қолданып жұмыс істеуде. Ал кейбірі дұрыс амал-тәсіл таба алмай, қыруар қаржы жұмсап жүр. Бұл, басқа сөзбен айтқанда, нағыз жымқыру. Сондықтан қаражатты орынсыз жұмсап, жаңа дүние жасаудың қажеті жоқ. Үкіметке қолданыстағы барлық цифрлық шешімдерді саралап, тексеріп, олардың тиімділігін арттыруды тапсырамын. Күштік құрылымдарға арналған түсінікті құрылымы бар және технологиялық стандарттары біркелкі бірыңғай цифрлық экожүйе жасалуға тиіс» деді Мемлекет басшысы.

Президент азаматтардың дербес деректерін қорғау қажет екенін айтты.

«Ақпараттық кеңістікте азаматтардың дербес деректері жарияланып кеткені туралы хабар жиі шығып жатады. Дербес деректерді барынша қорғау үшін бұл жұмыспен жүйелі түрде айналысу керек» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы киберқылмыспен күрес мәселесіне тоқталды.

«Әлемде киберқылмыс өршіп барады. Жыл сайын мыңдаған азаматымыз соның құрбаны болып жатыр. Қазір интернеттегі алаяқтық қылмыстардың бестен бірі ғана ашылады. Бұл – өте төмен көрсеткіш. Киберқылмыспен күрес тәсілдерін түбегейлі қайта қарау қажет. Цифрлық қатерге төтеп беру үшін құқық қорғау органдары бір қадам алда жүруге тиіс. Озық ойлап, артта қалмаудың амалын табу қажет» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев көшіқон үдерістерін жаппай цифрландыруды өте өзекті мәселе ретінде атады.

«Көші-қон үдерістерін жаппай цифрландыру керек. Бұл – өте өзекті мәселе. Баяғыдан бері талқылап жатырмыз, дұрыс, оң нәтиже аз. Қазір әлемде күрделі ахуал қалыптасып отыр. Дүние жүзінде кең ауқымды көші-қон жүріп жатыр десек, қате болмайды. Қоныс аударғысы келетін шетелдіктер үшін Қазақстан – басқа елдерге өтуге де, тұрақтап қалуға да қолайлы мемлекет. Елге келген шетел азаматтарын уақытылы есепке алып, олардың жүріс-тұрысын бақылайтын техникалық құралдарды жетілдіру – аса маңызды міндет. Үкіметке Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірлесіп, осы жұмысты тездетуді тапсырамын» деді Мемлекет басшысы.

Президент әлеуметтік желіде ақпарат таратуда заң талаптары ескерілуі қажет екенін айтты.

«Технологияның қарқынды дамуы ақпараттық кеңістіктің түбегейлі трансформациясына жол ашады. Қоғамды жікке бөліп, азаматтарды бір-біріне қарсы қоятын деструктивті ақпарат таратуға бейіл адамдар да бар. Мұның бәрі өшпенділікке бастайтын ешкімге қажетсіз, тіпті қауіпті пікірталасқа жалғасады. Жасанды интеллектіні осындай адамдар ақпараттық қаруға айналдырып, заңға қайшы келетін контенттерді көптеп тарата бастайды. Бұған жол беруге болмайды. Ондай әрекеттерге құқықтық баға беріп, жауапкершілікке тарту қажет. Азаматтарға деструктивті контентті таратудың құқықтық салдары жөнінде үнемі түсіндіру жұмыстарын жүргізген жөн» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы тәртіпсіздік пен заңсыздыққа жол беруге болмайтынын атап өтті.

«Ұлттық құрылтай отырысында мен отаншылдық ұғымы туралы пікірімді айттым. Отаншылдық бұл жай ұран емес, отаншылдық дегеніміз – қасиетті сезім, мұның әсіреұлтшылдыққа еш қатысы жоқ. Қазақстанда біз отаншылдық ұғымына жауапкершілік және жасампаздық тұрғысынан қарауымыз керек, яғни отаншыл азамат ең алдымен жауапкершілігі жоғары және жасампаз азамат болуға тиіс. Отанға деген сүйіспеншілік саяси ұпай жинау немесе қызметтік мансап жасау емес, бұл – Отаныңа жақсылық жасау, еліңе пайда әкелу деген сөз» деді Президент.

Сонымен қатар жиында Бас прокурор Берік Асылов, Премьер-министрдің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев, Президенттің көмекшісі Қуанышбек Есекеев, Ішкі істер министрі Ержан Сәденов сөз сөйледі.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА ЖАҢАЛЫҒЫ ҚАНДАЙ?

Астанада Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның алғашқы отырысы өтті. Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин жұмыс тобы Конституциялық реформаға қатысты ұсынған жаңашылдықтарды айтып берді.

Негізгі тезистер мынадай: бірінші – Құрылтайдағы депутат саны. Жұмыс тобы Құрылтайда 145 депутат болуы керек деген тоқтамға келді. Екінші – Құрылтайға депутат болудан үміткерлерге қойылатын талаптар. Жұмыс тобы қазіргі Мәжіліс депутаттарына қойылатын талаптар Құрылтайға да қатысты болып, сол қалпында қалғаны жөн деген пайымға келді. Ал Құрылтай депутаттарына қойылатын қосымша талаптар конституциялық заңда айқындалуы мүмкін. Үшінші – Құрылтай депутаттарын сайлау жүйесі. Жұмыс тобы толығымен пропорционалды тәсілге көшуді бірауыздан қолдады. Төртінші – Құрылтай депутаттарының өкілет мерзімі. Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың Қызылордада өткен отырысында «Жаңа Парламентте депутаттарды 5 жыл мерзімге сайлау көзделіп отыр» деп нақты атап өтті. Жұмыс тобы да осы пайымға тоқтады. Бесінші – бір палаталы Құрылтайдың заң шығару үдерісі. Құрылтай жұмысына заң жобаларын үш оқылымда қарастыру форматын енгізу ұсынылды. Алғашқы екі оқылымда заң жобасының мазмұны айқындалады. Ал үшінші оқылым заң жобасының заңнамалық тұрғыдан дұрыстығын қамтамасыз етеді. Парламент болмаған кезде заң шығару функциясы мемлекеттің ең жоғары лауазымды тұлғасы – Президентке жүктеледі. Алтыншы – Парламенттегі квоталар. «Президенттік квота» деген болмайды. Ал әйелдерге, жастарға және мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған партиялық квота сақталады. Себебі бұл – Парламенттік емес, партиялық тізімдегі квота. Жетінші – Президент институтының қызметіне қатысты Құрылтайдағы дауыс кворумы. Жұмыс тобы қазіргі Конституцияның 47-бабында қамтылған барлық рәсімді болашақ Құрылтай моделінде қалдыруға болады деген байламға келді. Сегізінші – негізгі мемлекеттік органдардың құрамын жасақтау ісіндегі Құрылтайдың құзыреті. Қазіргі Конституцияға сәйкес, Конституциялық соттың, Жоғары аудиторлық палатаның және Орталық сайлау комиссиясының құрамын жасақтау құзыреті Мәжіліс, Сенат және Президент арасында теңдей бөлінген. Енді осы маңызды мемлекеттік құрылымдардың барлық мүшесі Құрылтайдың келісімімен ғана тағайындалуы қажет деген ұсыныс айтылды. Бұған қоса, Президенттің ұсынысы бойынша Жоғарғы соттың барлық судьясын сайлау құзыретін жоғары өкілді орган депутаттарына беру ұсынылды. Жұмыс тобы Сенаттың ерекше қарауына кіретін өкілеттерді қайта қарады. Ал Мәжілістің өкілеттігін Құрылтайға беру ұсынылды.

Президент мерзімінен бұрын қызметінен кеткен жағдайда, оның өкілетін табыстау тәртібі өзгермек. Қолданыстағы ережеге сәйкес, Президенттің өкілеті алдымен Сенат төрағасына өтеді. Ал жаңа бастамаға сәйкес, бұл міндет ең алдымен Вице-президентке жүктелмек. Егер Вице-президент өкілетті қабылдай алмаса, ол Құрылтай төрағасына беріледі, ал одан кейін Премьер-министрге тапсырылады. Ел Конституциясының 41-бабына өзгеріс енгізіліп, Президенттің кезекті сайлауы оның өкілет мерзімінің аяқталуына кемінде 2 ай қалғанда өткізіледі деп белгіленеді. Бұл туралы Конституциялық реформалар жөніндегі комиссияның екінші отырысында Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев айтты.

«ҚР Конституциясының 41-бабы Президенттің кезекті сайлауын тағайындау және өткізу тәртібін реттей отырып, жоғары мемлекеттік биліктің жаңарып отыруына қатысты конституциялық шеңберді белгілейді. Қолданыстағы редакциядағы Конституцияда сайлауды өткізу күні нақты бекітілген, яғни желтоқсан айының бірінші жексенбісі деп көрсетілген. Мұндай норма әртүрлі, объективті мән-жайларды ескеруге мүмкіндік бермейді әрі өкілеттік мерзімінің аяқталуы мен сайлау күні арасындағы мерзімдік айырмашылықтың туындауына әкеп соғуы мүмкін. Осыған байланысты Конституцияның 41-бабында Президенттің кезекті сайлауы оның өкілеттік мерзімінің аяқталуына кемінде 2 ай қалғанда өтеді деп көзделеді» деді Ерлан Сәрсембаев.

Министрдің пайымынша, бұл редакцияда Мемлекет басшысының сайлау күні оның өкілеттік мерзімі аяқталу күнімен орай белгіленіп, құқықтық айқындық қамтамасыз етіледі әрі икемділік артады.

«Сонымен қатар Президент сайлауының президенттік электоралдық циклімен тұспа-тұс келмеуі жөніндегі талап сақталады. Сондай-ақ Конституцияның 41-бабынан тиісті тармақты алып тастау ұсынылады. Аталған тармаққа сәйкес, кезектен тыс Президент сайлауы республика Президентінің шешімімен тағайындалып, конституциялық заңда белгіленген мерзімде өткізілетін» деді министр.



ЕЛОРДАДА АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ ТҰРАҚТЫ

Үкіметте Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен жиында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының бір аптадағы жағдайы қаралды.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бойынша орташа баға өсімінің индексі апта қорытындысы бойынша нөл деңгейінде сақталды. Алма (-2,1%), қияр мен пияз (-1,3%), шай (-0,9%), балық пен тауық еті (-0,6%) және басқа да азық-түлік өнімдерінің бағасы арзандаған. Маусымдық факторға байланысты өзгедей әлеуметтік маңызы бар көкөністер бойынша баға құбылмалы болды.

Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Айжан Бижановаңың айтуынша, ерте піскен өнімді жеткізуді қамтамасыз ету бойынша қабылданған басқа да шаралардан бөлек, Сауда және интеграция министрлігі биылғы сәуір-маусым айлары аралығында үшінші елдерден көкөністерді бажсыз әкелу туралы ұсынысты ЕАЭО кеңесінің қарауына шығару туралы бастама көтеріп отыр.

Жиын барысында вице-премьер Астана және Алматы қалалары әкімдері орынбасарларының өңірдегі қазіргі баға және экономикалық жағдай туралы баяндамаларын жеке-жеке тыңдады. Елордада азық-түлік инфляциясының баяулау үрдісі тұрақты сақталуда. 2025 жылдың қорытындысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының орташа баға индексі 107,4%-ды құрады, бұл – ел бойынша ең тұрақты көрсеткіштің бірі. Бағаның өсуін тежеу азық-түлік тауарлары бойынша уақытылы келісімшарттар жасау нәтижесінде мүмкін болып отыр. Өнімдер елордадағы 180-нен астам сауда нүктесінде сатылады. Ірі сауда желілерімен әлеуметтік маңызы бар тауарларға сауда үстемесін шектеу жөнінде келісімдер жасалған. Сонымен қатар баға қалыптастырудағы делдалдық схемаларды анықтау және жәрмеңкелік сауданы дамыту бойынша жұмыс жүргізілуде. 2026 жылы Астанада 300-ден астам демалыс күнгі жәрмеңке өткізу жоспарлануда. Жалпы ел бойынша шамамен 10 мың жәрмеңке ұйымдастырылмақ.

Алматы қаласында 2025 жылдың қорытындысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының баға индексі 8,9%-ды, ал биылғы жыл басынан бері 0,2%-ды құрады. Ет және сүт өнімдерінің негізгі түрлеріне баға тұрақты деңгейде сақталып отыр, ал тауық еті мен кейбір сүт өнімдері арзандаған. Бағаның өсуі, негізінен, көкөністердің жекелеген түрлері мен бакалея өнімдеріне тиесілі, бұл ретте Алматыда қырыққабат пен қарақұмық жармасының бағасы ел бойынша орташа көрсеткіштен төмен. Бағаны одан әрі тұрақтандыру үшін тікелей жеткізіп беру желісін кеңейту, демалыс күнгі жәрмеңкелер ауқымын арттыру және қаладағы сауда желілері мен базарларда күнделікті баға мониторингін күшейту жұмыстары жүргізілуде.

АСТАНАЛЫҚТАР ҚАНША СУ ТҰТЫНАДЫ?

Елорда тәулігіне орта есеппен 360 мың текше метр ауыз су қолданады. Бұл көлем қаланы үздіксіз сумен қамтамасыз етуге жеткілікті.



Қаламызға ауыз су Ақмола облысы Аршалы ауданында орналасқан «Астана» су қоймасынан жеткізіледі. Су қоймасынан алынған су қалалық «Астана су арнасы» кәсіпорнына қарасты 3 сорғы-сүзгі станциясы арқылы өңделіп, тұрғындарға беріледі. Аталған станциялардың жалпы қуаты тәулігіне 410 мың текше метрді құрайды, бұл қазіргі тұтыну көлемінен 50 мың текше метрге артық. Бірінші станция 1960 жылдан бері жұмыс істейді және 2017-2018 жылдары қайта жаңғырған. Екінші станция 2011 жылы іске қосылса, үшінші жаңа станция 2024 жылдың ақпан айында пайдалануға берілген. Су тапшылығының алдын алу үшін 6 таза су резервуары қарастырылған, олардың жалпы сыйымдылығы – 120 мың текше метр. Мамандардың айтуынша, қалаға берілетін ауыз су санитарлық талаптарға толық сай, эпидемиологиялық тұрғыда қауіпсіз әрі химиялық құрамы бойынша зиянсыз. Суды залалсыздандыру үшін натрий гипохлориті, ал тазарту үдерісінде коагулянт қоспалары қолданылады.

ҚОЛЖЕТІМДІ ЖӘРМЕҢКЕ

Демалыс күндері Астанада дәстүрлі қалалық ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Онда Қазақстанның әртүрлі өңірінен келген шаруалар өз өнімдерін тұрғындар мен қала қонақтарына қолжетімді бағамен ұсынды.



Атап айтқанда, жәрмеңкеде жаңа піскен көкөністер мен жемістер, ет, сүт және ұн өнімдері, нан-тоқаш өнімдері, табиғи шырындар, тосаптар, дәндер және өзге де азық-түлік тауарлары сатылды. Өнімдер тікелей өндірушілерден ұсынылғандықтан, баға нарықтағы орташа деңгейден төмен болды. Іс-шараға Ақмола, Павлодар, Қарағанды, Абай облыстары мен еліміздің басқа өңірлерінен келген ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері қатысты. Жәрмеңке дәстүрлі түрде «Keryen joly» сауда орталығында (Алаш тасжолы, 35Б) өтті. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай жәрмеңкелер тұрғындарды сапалы әрі қолжетімді отандық өнімдермен қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар олар азық-түлік бағасының тұрақтылығын сақтауға және қаладағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

«ЖЕЛІДЕН ТЫС» КҮН

Халықаралық интернетсіз күнге орай бас қалада гаджеттер мен экрансыз ойын бағдарламасы ұйымдастырылды. Іс-шараға 15 отбасы қатысты. Жоба тыйым салуға емес, саналы цифрлық тұтынуға бағытталған.

«Бұл – балалар мен ата-аналардың бір-бірін тыңдап, сезініп, экрансыз да жақын бола алатынын көрсетуге арналған күн» деді «Ерекше мерекелер» қоғамдық қорының жетекшісі Ботагөз Игенбаева.

Ойын бағдарламасын психологтар мен арт-терапевтер әзірлеп, ерекше балаларды тәрбиелейтін отбасылардың қатысуына бейімделді. Бұл инклюзивті әрі жайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік берді. Бағдарлама аясында командалық тапсырмалар, шығармашылық жаттығулар және отбасы ішіндегі сенім мен өзара әрекетті нығайтуға бағытталған ойындар ұйымдастырылды. Қатысушылар гаджетсіз уақыт өткізудің пайдалы әрі әсерлі болатынын атап өтті. Ұйымдастырушылар алдағы уақытта да отбасы құндылықтарын дәріптейтін осындай бағдарламаларды жалғастыруды жоспарлап отыр.



NGS Astana жаңа буын мектебінде ағылшын тілінен SAT English Challenge интеллектуалды конкурсының аудандық кезеңі өтті.

АҒЫЛШЫНША САЙЫСҚАН ОҚУШЫЛАР

Аудандық кезеңге мектепішілік іріктеуде жоғары нәтиже көрсеткен 630-дан астам оқушы қатысты. Қатысушылар 6-11-сыныптар арасында 3 лигаға бөлінді. Бірінші кезеңнің қорытындысы бойынша әр лигада 200-ден астам оқушы іріктелді. Конкурс SAT Style форматында, толықтай ағылшын тілінде және жазбаша түрде өтті. Қатысушылар 60-70 минут ішінде академиялық оқу, мәтінді талдау, контекстік лексика, сыни ойлау мен ақпаратты интерпретациялауға бағытталған 50 тапсырманы орындады. Оқушылардың жұмысын академиялық ағылшын тілі саласындағы жетекші мамандар бағалады. Айта кетейік, SAT English Challenge 3 кезеңнен тұрады. Алдағы Essay & Public Speaking бағыты бойынша қалалық финал мамыр айында өтеді.



ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛДЫ

Туристік полиция қызметкерлері елордада күнделікті патрульдеу барысында туристердің заңсыз дрон ұшыру әрекетінің жолын кесті.

Оқиға елордадағы танымал туристік орындардың бірінде тіркелді. Патрульдеу кезінде шетелдік 4 азамат дронды ұшыруға дайындалып жатқан. Қолданыстағы заңнама бойынша қалада, әсіресе адамдар көп жиналатын жерлерде арнайы рұқсатсыз ұшқышсыз ұшу аппараттарын қолдануға тыйым салынған. Құқық қорғау органдары жедел әрекет етіп, дронның көкке көтерілуіне жол бермеді. Тексеру барысында туристер Қазақстанда дрон қолдану тәртібі мен шектеулерден хабарсыз болғаны анықталды. Полиция қызметкерлері профилактикалық-түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, әуе қауіпсіздігі, қоғамдық тәртіп пен жергілікті заңнаманы сақтау маңызын түсіндірді. Құқық бұзушылық болмады, жағдай бейбіт түрде реттелді. Шетелдік туристер полиция қызметкерлерінің кәсібилігі мен сыпайылығына алғыс айтты. Туристік полиция қала тұрғындары мен қонақтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарын тұрақты түрде жалғастырып, туристерді заңнаманы сақтауға шақырады.

САЛЫҚ МӘСЕЛЕСІН ТҮСІНДІРДІ

Астанада базардағы кәсіпкерлермен салық заңнамасы мәселелері бойынша кездесу өтті.

«Көктал» сауда орталығында кәсіпкерлер мен сауда нысандарының әкімшілігіне арналған ақпараттық кездесу өтті. Іс-шараға Мемлекеттік кірістер департаменті, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті мамандары қатысты. Кездесу барысында салық заңнамасындағы өзгерістер, жеңілдетілген және арнайы салық режимдері, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарға арналған жаңа ережелер түсіндірілді. Атап айтқанда, жеңілдетілген салық режимін қолдану ерекшеліктері, сондай-ақ өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар үшін арнайы салық режимін қолданудың табыс шегі түсіндірілді. 2026 жылдан бастап Қазақстанда арнайы салық режимдерінің 3 түрі қолданылады:

1. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған АСР;
2. Оңайлатылған декларация негізіндегі АСР;
3. Шаруа және фермер қожалықтарына арналған АСР. Бұл режим бірыңғай жер салығының орнына қолданылады. Жылына бір рет 0,5% мөлшерінде жеке табыс салығы төленеді; Қосылған құн салығы (ҚҚС) төленбейді; импорт операциялары және бейрезиденттермен жасалатын операциялар бойынша ҚҚС төленеді.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына сауда үстемесінің 15%-дан аспауы қажет екені ескертілді. Кәсіпкерлер өздерін қызықтырған сұрақтарға мамандардан тікелей жауап алды.

№10 (4908) 27/01/2026 Сейсенбі

АУМАҚТЫҚ ҚОРҒАНЫС МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Бас қалада аумақтық қорғаныс пен әскери инфрақұрылым жүйесіндегі жергілікті атқарушы органдардың қызметіне қатысты өзекті мәселелерге арналған отырыс өтті.



Басқосу барысында Парламент Сенатының депутаттары Андрей Лукин, Сергей Ершов, Амангелді Нұғманов, Ғалиасқар Сарыбаев, Алишер Сатвалдиев және Геннадий Шиповскихпен бірлесіп осы саладағы негізгі міндеттер мен өзекті сын-қатерлер талқыланды. Аталған мәселелер бұған дейін мәслихат отырыстарында да бірнеше рет көтерілген еді. Талқылау барысында жергілікті атқарушы органдардың жұмыс тиімділігін арттыру және ықтимал төтенше жағдайларға дайындық деңгейін күшейтуге бағытталған практикалық тәсілдерді айқындауға басымдық берілді. Кездесу аясында жергілікті өзін-өзі басқару органдарының әскери және күштік құрылымдармен өзара іс-қимылы, инфрақұрылымды сақтау және дамыту шаралары, сондай-ақ халықты хабардар ету жүйесін жетілдіру мәселелері жан-жақты қаралды. Сонымен қатар аумақтық қорғаныс шеңберінде азаматтарды даярлау және оқу-жаттығу іс-шараларын ұйымдастыруға ерекше назар аударылды.

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖИ – БОЛАШАҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Елордада цифрландыру саласындағы мемлекеттік саясат пен жасанды интеллект технологияларын енгізу жұмысы жүйелі түрде жүзеге асуда. Қаланың дамуы «ақылды қалалардың» эталондық стандарты мен цифрлық трансформацияның ұлттық басымдықтарына сәйкес жүргізілуде. Осы бағытта өткен жылы атқарылған жұмыстар туралы елорданың коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында Цифрландыру және мемлекеттік қызметтер басқармасы басшысының орынбасары Бексұлтан Қуандық мәлімдеді.

Айтуынша, жұмыс үш стратегиялық бағыт: «Қауіпсіз қала», «Ашық қала» және «Ақылды қала» бойынша жүргізілуде. Мұнда технологияларды қолданудың практикалық нәтижесі мен тұрғындарға нақты әсер көрсетуге басымдық берілген.

– 2025 жылдан бастап мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында Астанада жасанды интеллектті қолдану арқылы 22 мыңнан астам бейнекамераны орнату және интеграциялау жобасы жүзеге асырылуда. Қолданылатын технологияларға бет-әлпетті тану, қалдырып кеткен заттарды анықтау және адамдардың жиналуын қадағалау кіреді. Жобаның негізгі элементі – Біріктірілген ахуалдық орталық, ол қаланың барлық аймағынан деректер жинайды: төтенше шақырулардан бастап қауіпсіздік жүйелерінің сигналдарына дейін. Бұл тек оқиғаларды тіркеумен шектелмей, қызметтердің жұмысын жедел үйлестіруге, мысалы, қоқыс алаңында өрттің алдын алу немесе паркте адасқан баланы іздеуге мүмкіндік береді, – деді басқарма басшысының орынбасары.

Былтыр Полиция департаментінің ахуалдық орталығына 11 мыңнан астам видеоағын берілді, оған көпшілік объектідегі және мектептердегі камералар кіреді. Сонымен қатар медициналық персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жобасы жүзеге асырылып, 100 жедел жәрдем көлігіне 400 камера орнатылды.

Астана тұрғындарымен өзара әрекеттесу үшін цифрлық арналары дамытылуда. Оларға iKomek109, QalaQyzmet, Birge және Smart Astana қосымшалары кіреді, олар қызметтерді алу, өтініш беру және қала қызметтерімен ыңғайлы форматта байланысу мүмкіндігін береді.

– iKomek109 байланыс орталығы 2025 жылы шамамен 2,5 млн өтінішті өңдеді, оның 83%-ы алғашқы қоңыраудан-ақ шешілді. QalaQyzmet порталында 241 мыңнан астам қызмет көрсетілді. Birge платформасында 45 мыңнан астам қолданушы тіркелді, әлеуметтік және тұрғын үй мәселелері бойынша 76 мың өтініш берілді. Smart Astana мобильді қосымшасы 70-тен астам қалалық қызметті біріктіреді және 30 мыңнан астам белсенді пайдаланушы тіркелді. Ең көп қолданылатын қызметтер – «Есірткіге жол жоқ» және «ИнваТакси». Бас қалада инсульт диагнозын қою уақытын 5 минутқа дейін қысқартатын Cerebra AI жүйесі енгізілді. Сондай-ақ 23 көппәтерлі үйдің құрылыс және жөндеу процесі цифрлық мониторинг жүйесі арқылы бақыланды, – деді ведомство өкілі.

> Астана тұрғындарымен өзара әрекеттесу үшін цифрлық арналары дамытылуда. Оларға iKomek109, QalaQyzmet, Birge және Smart Astana қосымшалары кіреді, олар қызметтерді алу, өтініш беру және қала қызметтерімен ыңғайлы форматта байланысу мүмкіндігін береді

2025 жылы әскерге шақырылатындарды медициналық тексеру процесі толық цифрлық форматқа көшірілді, жүйеден 10 мыңнан астам адам өтті. Байланыс сапасын арттыру үшін 16 тұрғын аудан және 12 мыңнан астам жеке үй оптикалық желілерге қосылды, 377 5G базалық станциясы жұмыс істейді.

– Астана қаласының жасанды интеллекті дамыту жөніндегі кеңесі IT және ЖИ дамуының негізгі бағыттарын анықтау және қанатқақты жобаларды масштабтау бойынша жұмысын бастады. Стартаптарды қолдаудың маңызды құралы – Astana Innovations Accelerator және Meta Llama Accelerator акселерация бағдарламалары. Сонымен қатар жасөспірімдер арасында STEM бағыттары белсенді дамып келеді. Былтыр халықаралық «Роботтар бәсекесі» байқауына 6 елден 85 команда қатысты, Астананың командалары Барселонадағы халықаралық олимпиадада 11 медаль жеңіп алды, – деді Бексұлтан Қуандық.

Ол сондай-ақ 2026 жылға арналған жоспарларға тоқтала келе, бұл жыл «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жарияланғандықтан, тұрғындарға ыңғайлы цифрлық және ЖИ шешімдерін дамыту, қаланың қауіпсіздігін аналитика және технология арқылы арттыру, цифрлық шешімдерді жылдам масштабтау үшін тұрақты инновациялық экожүйені қалыптастыру мәселелеріне басты басымдық берілетінін атап өтті.



Астана қаласының Есіл ауданында «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында тұрғындардан өтінім қабылдау басталды. 2026 жылдың 23 қаңтары мен 1 наурызы аралығында елорда тұрғындары аула, қоғамдық кеңістік, балалар және спорт алаңдары, ауладағы жаяу жүргіншілер жолдары сияқты бағыттар бойынша абаттандыруға қатысты өз бастамаларын ұсына алады.

ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Әр жоба нақты ұсыныс пен қажетті қаржы есебін қамтуы тиіс. Өтінімдер аудан әкімдігінің ресми сайтындағы «Халық қатысатын бюджет-2026» бөлімінде қабылданады. Өтінім қабылдау аяқталғаннан кейін 5 сәуірге дейін жобалар техникалық сараптамадан өтіп, келесі кезеңге жолдама алады. 6-24 сәуір аралығында тұрғындар жобаларға дауыс береді, 24-29 сәуір күндері дауыс беру қорытындысы шығады, ал 4 мамырға дейін сараптамалық кеңес қолдау тапқан бастамалардың іске асу кезегін айқындайды. Дауыс беру кезеңіне дейін сараптамалық кеңес жобалық ұсыныстарды 4 санатқа бөледі: пәтерлер саны 50-ге дейінгі көппәтерлі тұрғын үйлердің аула аумақтарын абаттандыру және жөндеу; пәтерлер саны 100-ге дейінгі көппәтерлі тұрғын үйлердің аула аумақтарын абаттандыру және жөндеу; пәтерлер саны 200-ге дейінгі көппәтерлі тұрғын үйлердің аула аумақтарын абаттандыру және жөндеу; пәтерлер саны 200-ге дейінгі және одан да көп көппәтерлі тұрғын үйлердің аула аумақтарын абаттандыру және жөндеу. Шешім көппәтерлі тұрғын үйдегі пәтерлердің жалпы санының пайыздық қатынасындағы дауыстар санына қарай қабылданады. Тұрғындардың қолдауына ие болған жобаларды жүзеге асыру 4 мамыр мен 15 қыркүйек аралығына жоспарланған.



ЖАҢА МАМАНДЫҚТЫ МЕҢГЕРДІ

Joltap жобасы астаналықтарға еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарды меңгеруге, табысын арттыруға және өз ісін бастауға көмектесіп келеді. Жоба қатысушысы Наурызбек Утин оқудың кәсіби өрлеуі мен бизнесіне қалай әсер еткенін айтып берді.

Наурызбек Joltap жобасы туралы жұбайынан білген, ал ол TikTok желісінен жарнама арқылы көрген. Оқу мүмкіндігі қызықтырған соң бірге барып, толық ақпарат алуды ұйғарған.

«Біз барғанымызда бәрін егжей-тегжейлі түсіндіріп берді, содан кейін мен бірден екі курсқа – жиһаз құрастыру негіздері мен газ-электр дәнекерлеу курсына жазылдым» дейді ол.

Наурызбек оқудың барынша түсінікті әрі жүйелі өткенін атап өтті.

«Маған бәрінің кезең-кезеңімен, стандарт бойынша өтетіні ұнады. Түсіндіруі де жеңіл әрі қадамдап үйретеді, бұл білімді іс жүзінде қолданғың келгенде өте маңызды» дейді ол.

Наурызбек бірнеше жылдан бері алюминий терезе, витраж, есік және қалқа жасаумен айналысып келеді. Оқу барысында ол өз дағдысын жүйелеп, жаңа қабілетті меңгерген. Техникалық дағдылардан бөлек, қала тұрғыны заманауи технологиялар мен бизнесті дамытуға қатысты бағыттарды көптен күткен.

«Клиенттер санын арттыру және білімімді жетілдіру үшін жасанды интеллект пен сатылым бойынша оқуды қатты қаладым. Қазір сатылым курсын оқып жатырмын және алған білімімді өз бизнесімде қолданып та жүрмін» деді Наурызбек.

Бүгінде ол Joltap-та алған білімнің нақты нәтиже бергенін сеніммен айтады. Сондай-ақ дамуға және алға ұмтылуға мүмкіндік бергені үшін жоба ұйымдастырушыларына алғысын білдірді.

Бетті дайындаған **Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**

Төлең ТІЛЕУБАЙ



«Қазақстандағы ірі өзендердің көбі бастауын көрші мемлекеттерден алады. Дарияның басында тұрған елдердің су саласындағы саясатына байланысты Сырдың суы теңізге әр кезде әртүрлі көлемде жетеді. Демек көп түйткілдің шешімі су саласындағы шебер дипломатияға байланысты. Қазір Орталық Азия елдерінің бәрімен су ресурстарын бірлесе пайдалану туралы келісімдер жасалды. Түптеп келгенде, Арал ғана емес, Каспийдің, Балқаштың, Ертістің тағдырын шешу үшін көршілермен мәмілеге келіп, келісімдерге қол қоюымыз қажет» деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жуырда Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында сөйлеген сөзінде.

СУ ДИПЛОМАТИЯСЫН ҚАЛАЙ КҮШЕЙТЕМІЗ?

КӨКАРАЛ БӨГЕТІ АРАЛДЫҢ СУЫН МОЛАЙТАДЫ

Қазақстан Президенті су қауіпсіздігі еліміздің тұрақты дамуына әсер ететін негізгі мәселеге айналғанын әрбір сөйлеген сөзінде екпін түсіріп, айтып жүр. Мемлекет басшысы әсіресе су дипломатиясын күшейтуді қолға алу қажеттігін Үкіметке үнемі ескертеді. Трансшекаралық өзендер бассейніндегі суды тиімді пайдалану жүйесін жолға қою үшін көршілес мемлекеттермен ықпалдастыққа мән бергенде ғана ұтатынымызды қадап айтады. Үкімет бұл тапсырманы қалай орындайды? Соған келейік.

Ұлттық құрылтайда Қасым-Жомарт Тоқаев Кіші Аралдың суын айтарлықтай көбейтуге қатысты ойымен бөлісіп, нақты тапсырмалар жүктеді. Ал Үкімет Солтүстік Арал теңізінің ауданын 34 шақырым текше метрге дейін, ал оның аумағын 4-5 жыл ішінде 3 913 шақырым текше метрге дейін жеткізуді жоспарлап қойыпты. Жақында Үкімет отырысында Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов Көкарал бөгетін биіктетуға қатысты алдағы уақытта істелетін жұмыстар жөнінде баяндап берді. Құзырлы министрлік басшысы су аз болған кезде де тұрақты су ағынын қамтамасыз ету туралы Өзбекстан Республикасымен келісімге қол қойылғанын мәлімдеді. Солтүстік Аралдың көлемі 2023 жылдың басындағы 18,4 млрд текше метрден қазіргі уақытта 23 млрд текше метрге дейін ұлғайған. Нұржан Нұржігітов Көкарал бөгетін реконструкциялау және су деңгейін 44 метрге дейін көтеруді қамтитын теңізді сақтау жөніндегі жобаның екінші кезеңін әзірлеу жұмыстары соңғы сатыда тұрғанын жеткізді. Сондай-ақ ресми ақпаратқа сүйенсек, Түркістан және Қызылорда облыстарындағы суару жүйелерін жаңғырту және автоматтандыру бойынша 167 жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде. Су үнемдеу технологиялары 143,1 мың гектар жерге енгізілген, бұл шамамен 500 млн текше метр су үнемдеуге мүмкіндік береді. «Солтүстік Арал теңізін сақтау және қалпына келтіру біз үшін тек экологиялық қана емес, әлеуметтік және стратегиялық міндет болып саналады. Үнемделген су ресурстарының бір бөлігін экожүйелерді қолдауға бағыттау – өңірдің тұрақтылығына, халық денсаулығына және келесі ұрпақтардың болашағына қосылған үлес болмақ» деп түсіндірді министр.

ДИПЛОМАТИЯМЫЗ НЕГЕ ӘЛСІЗ?

Қазақстанның су саласындағы дипломатиясы неге әлсіз деген мәселені бұған дейін бірнеше мәрте көтердім. Азиялық өлшеммен алып қарасақ, Қазақстандағы тұщы суға қатысты ахуал алаңдатарлық-ақ. Өйткені біз бұл мәселеге келгенде шығыста – Қытайға, оңтүстікте – Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстанға, батыста – Ресейге тәуелдіміз. Мұның себебі – еліміздің аумағына ағып келетін ірі өзендердің бәрінің басы аталған елдерден басталады. Тәуелсіздік жылдарында трансшекаралық өзендер мәселесінде күрмеуі қиын түйткілдердің бәрін шеше алмадық. Соның ішінде қаржы бөлу, кадр дайындау, суды бөлісу деген өзекті мәселелер бар.

Алматыдағы «География және су қауіпсіздігі институты» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Саят Әлімқұлов түйіні тарқатылмаған мәселелердің әлі шешілмегенін ашық айтады. «Біздің трансшекаралық алаптардың бәрінде бірлескен комиссиялар бар. Кейбірі екіжақтама, кейбірі бірнеше мемлекетаралық. Мысалы, Арал алабында Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Қазақстан арасында. Сонау 2010 жылдан бастап Қазақстан мен Қытай арасындағы сарапшылар тобында жұмыс істедім. Бұл бағыттағы жұмыстардың түпкі мақсаты – екі мемлекет ортақ суды қалай пайдаланатынын, қанша суды табиғатқа экологиялық тұрғыдан қалдыру сияқты мәселелерді шешу. Ол үшін су ресурстары, экологиялық қажеттіліктер терең бағалануы керек. Әлеуметтік жағдайлар да бар. Осы аумақтарда қалыптасқан суға деген сұранысты ескере отырып, қандай да бір нақты шешімге келу керек. Мұның бәрі ғылыми зерттеулерді қажет етеді. Айтайын дегенім, осы бағыттағы жұмыстарды ұйымдастыру бізде біршама күрделілеу жүреді. Бірінші түйткіл – қаржыландыру жүйесі. Қандай да бір зерттеу жүргізетін жұмыс тобын немесе бір техникалық мәселені шешетін жұмыстарды қаржыландыру өте ұзаққа созылады. Себебі конкурс өткізу керек. Сол конкурсқа қатысуға ешқандай ұйымдар қызығушылық танытпаса ше? Міне, осы жерде көп уақыт жоғалтамыз. Ал Қытай жағы бұдан еш ұтылмайды. Керісінше, оларға уақыттың созылғаны тиімді. Неге? Мысалға, осыдан 10-12 жыл бұрын Қытайдан бізге 20 шақырым текше метрге жуық су келетін. Бізден оларға баратыны – 3-4 шақырым текше метрдің айналасында. Яғни, бұл жерде біздің қызығушылығымыз жоғары болуы тиіс. Екінші түйткіл – су саласындағы кадрлардың жеткіліксіздігі. Ғалымдар ғылыми тұрғыдан қаншалық білімді болса да саяси сұраныстарды ескермеуі мүмкін. Менің байқағаным, сарапшылар тобының кездесуіне осы мәселелерді білетін 2-3-ақ адам барады. Қалғандары істі терең білмегендіктен, араласуы қиын. Ал Қытай елінің Су шаруашылығы министрлігіне тікелей қарайтын арнайы жобалау институты бар, яғни, қандай тұрғыдан болса да құзіретті органның жұмыс күші жеткілікті. Тағы бір маңызды мәселе – біздегі бірлескен комиссияның және сарапшылар тобының жетекшілері көп алмасады. Көбінесе олар бұл саланың маманы болмағандықтан, бірден тақырыпты терең игере алмайды. Енді игеремін дегенше ауысып кетеді. Қытай жағынан байқалатыны, сарапшылар тобының басында да, бірлескен комиссияда да су шаруашылығын терең білетін адамдар жүреді» дейді ол.

> **АРАЛ МӘСЕЛЕСІН ҚОЗҒАМАЙ КЕТУ МҮМКІН ЕМЕС. АРАЛ ТЕҢІЗІН ҚҰТҚАРУ ӘЛІ ДЕ БҮКІЛ АДАМЗАТ ҮШІН ӨТЕ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ БОЛЫП ОТЫР. БІРАҚ БҰЛ – ТЕК БІЗДІҢ ҚОЛЫМЫЗДА ТҰРҒАН МӘСЕЛЕ ЕМЕС. МЕН БҰЛ МӘСЕЛЕНІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АЛАҢДАРДА БІРНЕШЕ РЕТ КӨТЕРГЕНМІН.**
>
> Мемлекет басшысы
> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ



> **СОЛТҮСТІК АРАЛДЫҢ КӨЛЕМІ 2023 ЖЫЛДЫҢ БАСЫНДАҒЫ 18,4 МЛРД ТЕКШЕ МЕТРДЕН ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА 23 МЛРД ТЕКШЕ МЕТРГЕ ДЕЙІН ҰЛҒАЙҒАН.**

Белгілі сарапшы Қытай мен Қазақстан арасындағы су бөлісу туралы келісім төңірегінде де мәселе шаш-етектен екенін айтады. «Су бөлісу деген бір ғана құбырдан ағып жатқан суды бөлісу емес. Ірілі-ұсақты трансшекаралық 24 өзен белгіленген. Көбісі – ұсақ өзендер. Ірілері мыналар: Ертіс, Іле, Емел, Іленің бір саласы – Текес, Қорғас. Бұлардың ішінде Қорғас секілді мәселесі шешіліп жатқандары да бар. Бірақ ол әлі толық келісілген жоқ. Содан кейін, 24 өзеннің ішінде шекара бойымен ағатындары, шекараны кесіп өтетіндері бар. Мысалы, Текес бізден Қытайға ағып өткенімен қайтып келіп, Ілеге құяды. Бұл да зерттеуді қажет етеді. Екі мемлекеттің қажеттілігінен бөлек, экологиялық қажеттілік деген бар. Қытайларға бізге қарай ағатын суды түгел пайдаланбай, бізге жіберу керектігін қалай дәйектейміз? Оның үстіне олардың халқының саны да, экономикасы тез өсіп келеді. Десек те, олар төменге өзен арнасымен экологиялық қажеттілік үшін су жіберуі керек. Міне, біз осы бағытта жұмыс істеп жатырмыз. Атап айтарлығы, қазір тіпті өзендердің қайсысында қанша су қалыптасатыны жөнінде нақты мәлімет жоқ. Сонда судың қанша екенін білмей тұрып, су бөлісу туралы не айтамыз? Осы мәселені бірнеше рет көтердік. Қазақстан аумағы бойынша біздің бағалауларымыз бар. Бірақ, қытайлар оны қабылдамайды немесе біз олардікін қабылдамаймыз. Өйткені ол бағалаудың қандай әдістемелік тұрғыдан жасалғанын білмейміз. Сондықтан, қазір екі жақты комиссияда өзен суларын бағалау туралы үлкен жұмыс жүргізілуі тиіс» деп түсіндіреді С.Әлімқұлов.

САЛИҚАЛЫ ДИАЛОГТЫҢ ДАЙЫН ҮЛГІСІ

«Қазақстан су ресурстарын рационалды, әділ әрі тең құқылы негізде пайдалану қажет деген ұстанымды жақтайды. Сондай-ақ су қауіпсіздігі мен тұтас аймақтың тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында өзара міндеттемелерді сақтаған дұрыс. Көршілес елдермен конструктивті диалог және тараптардың мүддесіне сай ынтымақтастық жалғасады деп үміттенеміз» деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев су шаруашылығы саласының қызметкерлері күніне арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзінде. Көршілес елдермен конструктивті диалог орнату үшін қандай қадамдар жасауымыз қажет дегенге келейік.

Жуырда Түркістанда Қазақстан мен Өзбекстанның арасындағы су қатынастарының барлық бағыты бойынша екіжақты ынтымақтастықты тереңдету бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін бірлескен жұмыс тобының XIII отырысы, сондай-ақ Орталық Азияда өзара тиімді әрі орнықты су-энергетикалық ынтымақтастық тетігін әзірлеу жөніндегі күш-жігерді үйлестіруге бағытталған қазақ-өзбек бірлескен жұмыс тобының II отырысы өтті. Екі елдің су дипломатиясының тарихындағы елеулі оқиғада тараптар бірнеше бағытта мәмілеге келіп, құжаттарға қол қойды. Соның бірі – Сырдария өзеніне салынатын 10 гидробекет. Мұндай нысандар әр мемлекет аумағында бес-бестен салынады.

Түркістан облысы әкімдігінің баспасөз қызметі таратқан мәліметтерге сүйенсек, басқосуда тараптар екіжақты су және су-энергетикалық ынтымақтастық салаларындағы негізгі мәселелерді ашық талқылаған. Соның ішінде «Достық» мемлекетаралық каналын тазалау және жөндеу жұмыстары ең алдымен назарға алынған. Былтыр Қазақстан тарапы каналдың учаскелерінде, еңістерінде, коллекторларында және бас құрылысжайларында механикалық тазалау жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар нысанның бас және бөгейтін құрылысжайларындағы қақпаларға жөндеу жұмыстары жасалды. Биыл «Достық» каналын механикалық тазалау және бас құрылысжайларын жөндеу жұмыстары жалғасын табады. Тараптар сондай-ақ су үнемдеу технологияларын енгізу және пайдалану саласында тәжірибе алмасуға келісті.

Германияның Халықаралық ынтымақтастық қоғамының (GIZ) қолдауымен әзірленген бұл жоба трансшекаралық суды бөлудің ашықтығы мен дәлдігін қамтамасыз етуге бағытталған. Қазіргі уақытта GIZ осы жоба бойынша техникалық тапсырманы дайындау жұмыстарын аяқтаған. «Былтыр екі мемлекеттің басшыларының қатысуымен біз трансшекаралық су нысандарын бірлесіп басқару және ұтымды пайдалану туралы үкіметаралық келісімге қол қойдық. Бұл құжат көпжылдық жұмыстың нәтижесі болды, соның арқасында трансшекаралық суды басқарудың келісілген тәсілдерін әзірлеу мүмкін болды. Сондықтан бұл келісімнің қабылдануы тарихи маңызға ие оқиға болды. Келісім Орталық Азиядағы су дипломатиясын дамытуға елеулі үлес қосады және болашақтағы өзара тиімді ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын нақты айқындайды. Біз екіжақты әріптестікті тату көршілік, өзара құрмет және сындарлы диалог рухында одан әрі дамытуға ниеттіміз» деді жиында Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов. Министр сондай-ақ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ аясында Халықаралық су ұйымын құру және Орталық Азия елдерінің су пайдалану жөніндегі Негіздемелік конвенциясын әзірлеу туралы бастамаларын атап өтіп, олардың өңірлік су ынтымақтастығын ұзақ мерзімді тұрғыда дамыту үшін ерекше маңызды екенін жеткізді.

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров екі ел арасындағы трансшекаралық су ресурстары өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына, ауыл шаруашылығының өркендеуіне және халықтың тұрмыс деңгейіне тікелей әсер ететінін мәлім етті. «Достық» магистральдық каналы арқылы облыстың оңтүстік аудандары 140 мың гектар алқапта сумен қамтамасыз етіледі. Вегетациялық кезеңде каналдар арқылы қажетті су көлемінің тұрақты әрі уақтылы берілуі өңірдің ауыл шаруашылығы үшін шешуші маңызға ие. Облыс аумағында агроөнеркәсіптік кешен саласында ауқымды жобалар іске асырылуда. Егіс алқаптарын әртараптандыру және су үнемдеу технологияларын енгізу бойынша нақты іс-шаралар қабылдадық» деді әкім. Түркістандағы екіжақты басқосу Қазақстан мен Өзбекстанның декларация қабылдаудан нақты жобаларды жүзеге асыруға кіріскенінің дәлелі болды. Су қауіпсіздігі деген мәселе әлемде өзекті болған сайын, екі көршілес мемлекет бір-біріне деген сенімін нығайта отырып, жаһандық сын-қатерлермен бірігіп күресуге уағдаласты. Міне, осындай ынтымақтастық пен диалог қадамдары басқа көршілес елдермен де жасалуы тиіс.

№10 (4908) 27/01/2026 Сейсенбі



БІРЛЕСКЕН БӘРІНЕ ТИІМДІ

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Түркістан газетіне» берген сұхбатында: «Кооперативтер еңбек өнімділігін және ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыра алады. Сондай-ақ дайын өнімді сататын нарықтарға жақын болуға, тұтынушылармен ұзақ мерзімге арналған қарым-қатынас орнатуға жол ашады. Дамыған елдердегі кооперация жақсы қырынан көрінді. Тіпті, ірі корпорация деңгейіне жеткен бірлестіктер бар» деген еді.

Қазақстанның барлық ауылында табысты кооперация құруға негіз болатын алғышарттар жеткілікті. Шаруалар жазда малын бағып, сүт, ет, тері, жүн жинап, оны өңдеу үшін күш біріктіре алады. Солай етуге тиіс те. Күнкөрістен өсіп-өркендеуге бастайтын жол – осы. Кооперацияны бірлік пен жасампаздық идеологиясы деп те қарастырған дұрыс. Алайда бірлестік құру ісін науқанға айналдырып, жүртқа қысым көрсетуге, оларды мәжбүрлеуге жол берілмейді» деп шаруалар бірлестігінің маңызын айрықша ауызға алды.

Қазақстан – жер көлемі, жайылым байлығы және мал шаруашылығына қолайлы табиғи-жаратылыстық жағдайының жақсылығы жағынан әлемдегі әлеуеті жоғары елдердің бірі. Алайда мал шаруашылығының экономикалық тиімділігі, өнімділігі және экспорттық бәсекеге қабілеттілігі әлі де төмен. Мұның басты себебі өндірістің шамадан тыс бытыраңқылығы, яғни малдың негізгі бөлігі ұсақ және орта шаруашылықтардың қолында шоғырлануымен тікелей байланысты.

Қазақстанда ірі қара, қой-ешкі, жылқы және түйе малының басым бөлігі – жеке қосалқы шаруашылықтар мен шағын фермерлердің иелігінде. Өткен жылдың соңында өткен ауыл әкімдерінің форумында Абай облысы Шұғылбай ауылдық округінің әкімі Нұрлан Назарханов «еліміздегі малдың 70 пайызы – жеке меншік иелерінің қолында, 30-ақ пайызы – шаруа қожалықтарында. Бірақ жердің 90 пайызы – шаруа қожалықтарында, 10-ақ пайызы жеке меншікте» деген мәселені көтергені – соның айғағы.

Бұл – статистикалық факт қана емес, саланың жүйелік дағдарысын сипаттайтын дерек. Бір жағынан, негізгі өндірістік ресурс – мал-жері мен инфрақұрылымы жоқ ұсақ шаруашылықтардың қолында шоғырланған. Екінші жағынан, жері бар шаруа қожалықтарының едәуір бөлігінде мал басы жеткіліксіз немесе жер толыққанды пайдаланылмай отыр. Осы сәйкессіздік бірнеше теріс салдарға алып келеді. Біріншіден, жайылымдардың бір бөлігі тиімсіз немесе толық пайдаланылмайды, ал жеке аулаларда мал шамадан тыс шоғырланып, экологиялық және ветеринарлық тәуекелдер күшейеді. Екіншіден, мал иелері жерге қол жеткізе алмағандықтан өндірісті кеңейте алмайды. Үшіншіден, мемлекет тарапынан көрсетілетін субсидиялар мен қолдау шаралары нақты өндірістік тізбекті қалыптастырмай, бөлшектенген күйде қалады.

Қазақстан халқының шамамен 40 пайызы ауылдық жерде тұрады. Алайда ауыл экономикасының құрылымы біржақты: көптеген елді мекендерде мал бағудан өзге тұрақты табыс көзі жоқ. Өнеркәсіп, қызмет көрсету, шағын бизнес дамымаған жағдайда ауыл тұрғыны үшін өмір сүрудің жалғыз жолы – қосымша мал өсіру. Бұл – таңдау емес, әлеуметтік-экономикалық мәжбүрлік. Осы себепті ауыл тұрғындарының басым бөлігі қорасында мал ұстайды. Алайда дәл осы топ, яғни елдегі малдың негізгі бөлігін өсіріп отырған адамдар – мемлекеттік қолдау жүйесінен тыс қалып отыр. Себебі Қазақстандағы мал шаруашылығын қолдау саясаты жеке тұлғаларға емес, формалды түрде тіркелген шаруашылық субъектілеріне – шаруа қожалықтары мен фермерлік құрылымдарға бағытталған.

Бүгінгі қолданыстағы модель бойынша мал өсіріп, мемлекеттен қолдау алу үшін азамат міндетті түрде шағын шаруа қожалығын немесе ферма құруы керек. Ал шаруа қожалығын құрудың негізгі шарты – жердің болуы. Бұл жерде тұйық шеңбер пайда болады: малы бар, бірақ жері жоқ ауыл тұрғыны шаруа қожалығын аша алмайды; ал шаруа қожалығы жоқ болғандықтан, ол техника, асыл тұқымды мал, жем-шөп, ветеринария сияқты мемлекеттік қолдау құралдарына қол жеткізе алмайды.

Іс жүзінде ауылдағы мыңдаған отбасы дәл осы жағдайда отыр. Мал бар, еңбек бар, ынта бар – бірақ жер ресурсына қолжетімділік шектеулі. «Мал өсіргісі келгендердің бәріне бере беретін бос жатқан жер жоқ» деген шындықты ауыл әкімдері де, сала мамандары да ашық мойындап отыр. Соның салдарынан жеке мал өсіріп отырған тұрғындар мемлекеттен бір тиын да қолдау алмай, барлық тәуекелді өз мойнымен көтеруге мәжбүр. Оның үстіне олар мал өнімдерін жарамды бағаға да сата алмай, пайданы ортадағы делдалдар, мал алып-сатар саудагерлері көріп жүр.

Бұл жағдай аграрлық саясаттағы негізгі қайшылықты айқын көрсетеді: мемлекет нақты өнім өндірушіні емес, құжат жүзіндегі субъектіні қолдап отыр. Ал нақты өндіруші – ауылдағы жеке мал иесі – көлеңкеде қалып келеді. Мұндай тәсіл әлеуметтік әділеттілік қағидатына да, экономикалық тиімділік логикасына да сай келмейді. Себебі елдегі мал басының басым бөлігін өсіріп отырған адамдардың дамуына инвестиция салынбай отыр.

Ұзақ мерзімді перспективада бұл саясат ауылдағы кедейліктің сақталуына, жастардың көші-қонына және мал шаруашылығының экстенсивті, төмен өнімді модельде қалуына әкеледі. Мемлекет қолдау көрсетпеген жерде өндіріс технологиялық жанармайды, өнім сапасы артпайды, ал азық-түлік қауіпсіздігі тек статистикалық көрсеткіштер арқылы ғана өлшенеді.

Осы тұрғыдан алғанда, жеке мал иелерін экономикалық айналымға тартатын кооперативтік модель – мәселені шешудің ең реалистік жолы. Кооператив арқылы жері жоқ, бірақ малы бар ауыл тұрғыны жері бар, бірақ малы аз шаруашылықтармен бірлесіп, мемлекеттік қолдауға жаңама түрде қол жеткізе алады. Бұл тәсіл жеке меншікке қол сұқпайды, керісінше ауылдағы бар ресурсты тиімді біріктіреді. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, кооперация фермердің әлсіздігін емес, оның ұжымдық күшін капиталға айналдырады. Скандинавия, АҚШ, Үндістан тәжірибесі мұның тиімділігін дәлелдеп отыр.

Қазақстандағы мал шаруашылығын қолдау саясаты ауылдағы шынайы әлеуметтік құрылымды ескеруі тиіс. Ауыл тұрғындарының басым бөлігі фермер емес, бірақ олар – елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырған нақты өндірушілер. Осы шындық мойындалмайынша, мал шаруашылығын дамыту туралы кез келген бағдарлама қағаз жүзінде ғана қалып қояды.

Қысқасы, Қазақстандағы мал шаруашылығының басты мәселесі – ресурстың жоқтығы емес, оны ұйымдастыру тәсілінің тиімсіздігі. Ауылдағы әлеуметтік шындықты ескермей жасалған саясат нақты нәтиже бермейді. Егер мемлекет шынымен мал шаруашылығын дамытуды көздесе, қолдау саясаты құжаттағы шаруашылыққа емес, ауылдағы нақты өндірушіге бағытталуы тиіс. Ал кооперативтер – осы мақсатқа жетудің ең шынайы әрі әлеуметтік әділетті жолы. Мал шаруашылығын дамыту – бұл тек аграрлық мәселе емес. Бұл – ауылдың болашағы, әлеуметтік тұрақтылық және ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Президенттің «шаруалар бірлестігін құру» идеясының астарында осындай мән жатыр. Ендігі мәселе – Қазақстандағы кооперативтік жүйені нақты іске асыру механизмі мен оны тұрақты ету жолдары. Яғни, идеяны қағаз жүзінде қалдырмай, ауылдағы нақты өндірушілерге тиімділігін көрсету керек. Өйткені бұл жай ғана ұйым құру емес. Оның астарында ауылдағы жеке мал өсірушілерді экономикалық айналымға тарту, мал мен жер арасындағы құрылымдық теңгерімсіз балансты жою, ауылдағы экономикалық тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету сияқты стратегиялық мақсаттар жатыр.

ЖОЛ АЗАБЫН ЖҮРГЕН БІЛЕДІ

Жол – Қазақстанның қан тамыры. Тамырға қан жүгіріп тұрса, ағза ақаусыз жұмыс істейді. Сол сияқты, елдегі жол жүйесі үздіксіз әрі сапалы болса ғана экономика дамып, өңірлердің өзара байланысы нығайып, азаматтардың қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі. Ұлтымызда «Жол азабын жүрген біледі» деген терең мағыналы мәтел бар.

Бүгінгі таңда бұл сөздің шынайы мәнін күн сайын жолға шыққан қарапайым азамат та, жүк тасымалдап жүрген кәсіпкер де, ауыл мен қала арасында жүрген халық та айқын сезініп отыр. Осы тұрғыдан алғанда, көлік инфрақұрылымының жай-күйі – тек салалық мәселе емес, ұлттық қауіпсіздік пен әлеуметтік тұрақтылықтың көрсеткіші.

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда автокөлік жолдарын халықаралық стандарттарға сай жаңғырту – уақыт талабы екенін нақты атап өтті. Президент тапсырмасына сәйкес, елімізде бірқатар ірі инфрақұрылымдық жобалар іске асырылып, жаңа жолдар салынуда, ескі бағыттар кеңейтілуде. Бұл – ел дамуы үшін маңызды әрі қажетті қадам. Алайда өңірлердегі нақты жағдайды сараптай келе, жол саласы жүйелі мәселелерден әлі де арыла алмай отырғанын атап өтуге мәжбүрміз.

Кейбір республикалық маңызы бар бағыттарда жолдардың тарлығы, қарсы бағыттағы көліктердің бетпе-бет қозғалысы, қозғалыс қарқынының шамадан тыс жоғары болуы, жол инфрақұрылымының заманауи талаптарға сай келмеуі жол-көлік оқиғаларының жиілеуіне тікелей себеп болып отыр. Ішкі істер министрлігінің ресми деректеріне сәйкес, 2025 жылы республика жолдарында 32 мыңнан астам жол-көлік оқиғасы тіркелген. Полиция қызметкерлері 14 миллионнан астам жол қозғалысы ережесін бұзу деректерін анықтаған. Оның ішінде жылдамдықты асыру, қауіпсіздік белдігін тақпау және көлік басқару кезінде ұялы телефон пайдалану фактілері басым.

Сонымен қатар, полиция органдары 41 мыңнан астам жол тексеруін жүргізіп, 90 мыңға жуық жол кемшілігін анықтаған. Жол жамылғысын тиісті деңгейде жөндеп ұстамағаны үшін 7,4 мың лауазымды және заңды тұлға жауапкершілікке тартылған. Бұл деректер жол сапасына қатысты мемлекеттік бақылаудың жеткіліксіз екенін, ал кей жағдайларда мердігерлер мен жауапты органдардың формалды жауапкершілікпен шектеліп отырғанын көрсетеді.

Оң нәтиже берген нақты шаралардың бірі – республикалық маңызы бар автожолдарда орташа жылдамдықты бақылау жүйесін енгізу. Бұл жүйе жұмыс істейтін бағыттарда жол-көлік оқиғаларынан қаза тапқандар саны айтарлықтай азайған. Аталған тәжірибе жол қауіпсіздігін арттыруда инженерлік және цифрлық шешімдердің шешуші рөл атқаратынын дәлелдеп отыр.

Мемлекет басшысы ерекше атап өткен Қызылорда – Жезқазған, Қарағанды – Жезқазған, Бейнеу – Сексеуіл, Құлсары – Ақтөбе – Хромтау, «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» халықаралық дәлізі, сондай-ақ Сарыағаш маңындағы айналма жол секілді жобалар – жай ғана жол құрылысы емес, елдің транзиттік әлеуетін күшейтетін стратегиялық нысандар. Алайда бұл жобалар сапасыз салынса, мерзімінде аяқталмаса немесе тиімді пайдаланылмаса, бюджет қаражатының ысырап болуына және азаматтардың өміріне тікелей қауіп төнуіне әкеледі.


Осыған байланысты, Үкімет тарапынан жол құрылысы мен жаңғырту жұмыстарына қатысты бақылауды түбегейлі күшейту, жауапты мемлекеттік органдар мен мердігер ұйымдардың нақты әрі дербес жауапкершілігін бекіту аса өзекті деп санаймыз. Аталған мәселелерді жүйелі шешу үшін Үкіметтен төмендегі шараларды жедел түрде қолға алуды сұраймыз: • Жол сапасын мемлекеттік бақылауды күшейту: құрылыс материалдарының сапасы, жоба-сметалық құжаттаманың сақталуы және құрылыс нормалары бойынша тұрақты әрі нақты мониторинг жүргізу. • Тәуелсіз халықаралық сараптама институтын енгізу: ірі жобаларға және пайдалануға берілген жолдарға тәуелсіз аудит жүргізу. • Мерзімге қатаң бақылау тетігін енгізу: әр жоба кезеңі бойынша нақты кесте бекітіп, кешігу үшін жеке жауапкершілік белгілеу.

• Құрылыс барысын онлайн бақылау жүйесін құру: халыққа ашық цифрлық платформа арқылы әр жоба бойынша жұмыс барысын көрсету. • Мерзім мен сапа талаптары бұзылған жағдайда қатаң санкциялар қолдану: айыппұл салу, мемлекеттік тапсырыстан шеттету, лицензиялық шектеулер енгізу.

• Бюджет қаражатының тиімді жұмсалуын қамтамасыз ету: әр жоба бойынша шығындардың ашық есебін жүргізу, артық шығындарды анықтау. • Құрылыс тендерлерінің ашықтығын қамтамасыз ету: фаворитизм мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау.

• Жол қауіпсіздігі инфрақұрылымын күшейту: жол белгілері, жарықтандыру, жаяу жүргінші өткелдері, авариялық аймақтарды халықаралық стандарттарға сай жабдықтау.

Жанарбек ӘШІМЖАН,
Мәжіліс депутаты



АРДА ПЕРЗЕНТКЕ ҚҰРМЕТ

Елордада көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ағартушы, ғалым, жазушы, журналист, қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби дипломат Нәзір Төреқұлұлының өмірі мен қызмет жолына арналған мұражай мен кеудемүсіннің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Тағылымды іс-шара Астана қаласындағы Нәзір Төреқұлұлы атындағы №35 мектеп-лицейінде ұйымдастырылды.







Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

Салтанатты жиынға мемлекеттік орган өкілдері, нәзіртанушы ғалымдар, Нәзір Төреқұлұлының туған-туыстары, елге белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, азаматтық қоғам белсенділері қатысты.

Іс-шара барысында Нәзір Төреқұлұлына арналған кеудемүсіннің лентасы қиылды. Салтанатты рәсімге мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Айтаханов, ҚР Сыртқы істер министрлігі Халықаралық ақпарат комитетінің төрағасы Ерлан Жетібаев, Сауд Арабиясы Корольдігі елшісінің өкілі Ғасан әл-Ахмади, Маңғыстау облыстық мәслихатының төрағасы Жаңбырбай Матаев, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қазыбек Иса және №35 мектеп-лицейдің директоры Зәуреш Әділбекова қатысты.

«Біз мемлекет және қоғам қайраткері, ағартушы, ғалым, жазушы, журналист, көрнекті сыншы, қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби елші Нәзір Төреқұлұлының есімін иеленген №35 мектеп-лицейінде ұлт руханияты үшін айрықша маңызы бар тағылымды сәтке жиналдық. Ұлт тарихында өшпес із қалдырған ұлы тұлғаның құрметіне арналған мүсін мен мұражайдың ашылуы – өткенге тағзым, болашаққа аманат. Бүгінде Нәзір Төреқұлұлының есімі Қазақстанмен ғана шектелмей, күллі әлемге танылып отыр. Бұл – ұлттың арда перзентіне көрсетілген зор құрметтің, тарихи әділдіктің айқын көрінісі» деді мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Айтаханов.

Мұражайдың ашылуымен қатар, келушілерге арнайы таныстырылым өтті. Мұражай қорына 40-қа жуық құнды жәдігер қойылған. Олардың қатарында тарихи құжаттар, сирек кітаптар, көне бұйымдар, Нәзір Төреқұлұлы жайлы жазылған ғылыми еңбектер бар.

№35 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, музей меңгерушісі Мейіржан Рамазанұлы музейдің мазмұндық ерекшеліктеріне тоқталды. Сондай-ақ Нәзір Төреқұлұлының ғұмыр жолына арналған «Нәзір Төреқұлұлы жолы » атты деректі фильмнің алғашқы көрсетілімі өтті. Фильмде қайраткердің өмірі, күрес жолы мен тарихи рөлі архивтік деректер арқылы кеңінен қамтылды.

Салтанатты жиын барысында «Нәзір Төреқұлұлы – Алаш қайраткері» тақырыбында ғылыми конференция өтті. Конференцияда ғалымдар мен зерттеушілер тұлғаның қоғамдық-саяси қызметі, дипломатиялық миссиясы және рухани мұрасы жөнінде баяндамалар жасады.

«Нәзір Төреқұлұлы туралы бүгінге дейін аз айтылып жүрген жоқ. Алайда соған қарамастан, оның тұлғасына қатысты әлі де терең зерттеуді қажет ететін, назардан тыс қалып келе жатқан маңызды мәселелер бар. Атап айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлымен бірлесе отырып жазған «Ұлт туралы тезистері», Мағжан Жұмабаевпен рухани сабақтастығы, сондай-ақ мұсылман әлеміндегі орны әлі де жан-жақты ғылыми тұрғыда зерделенуі тиіс. Нәзір Төреқұлұлы тек қазақ халқының ғана емес, күллі түркі жұрты мен мұсылман дүниесінің ортақ тарихи тұлғасы» деді Нәзір Төреқұлұлының шығармашылығын алғаш ғылыми тұрғыда зерттеген ғалым Жолтай Әлмашұлы өз баяндамасында.

Іс-шараға еліміздің әр өңіріндегі Нәзір Төреқұлұлы атындағы мектептердің ұстаздары қатысып, өзара тәжірибе алмасты. Басқосуда тұлға мұрасын білім беру жүйесінде насихаттау мәселелері сөз болды. Сонымен қатар Түркістан қаласындағы Нәзір Төреқұлұлының атаулы музейінің көшпелі көрмесі астаналық көрерменге ұсынылды.

Салтанатты жиын соңында Нәзір Төреқұлұлы атындағы қаржылай шәкіртақы үздік үш оқушыға табысталды. Бұл мәртебелі марапат Айсана Төкбиева, Айсәуле Сүндетова және Бейбарыс Айтқазиновке берілді. Шәкіртақы тұлға мұрасын құрметтейтін, білімге құштар жас ұрпақты қолдаудың алғашқы бастамасы болды. Алдағы уақытта бұл үрдіс жыл сайын жүйелі түрде жүргізіледі.

Ғалымдардың баяндамалары, ғылыми конференциядағы талқылаулар, «Нәзір ғұмыр – тәлім ғұмыр» деректі фильмінің тұсаукесері және елдегі Нәзір Төреқұлұлы атындағы мектептердің өкілдері қатысуы – ұлы тұлғаның мұрасын ғылыми тұрғыда зерттеудің, талдаудың және кеңірек насихаттаудың қажет екенін көрсетті. Бұл арқылы мектеп оқушылары тарихи деректерге, архивтік материалдарға және тұлғаның қоғамдық-саяси қызметінің мәніне көз жеткізді.

ТАРИХЫМЫЗДАҒЫ ТАҒАНЫҢ ОРНЫ

Шежіремізді ақтара сөйлесек, қазақ халқының тарихы бес мың жылмен ғана шектелмей, одан да әріге кететінін байқаймыз. Бұл – даурықпа сөз емес, археологиялық олжалар мен тарихи деректерге сүйенген тұжырым. Ұлы дала төсінде қалыптасқан көшпелі өркениет адамзат дамуына орасан үлес қосты. Жылқыны алғаш қолға үйрету, металды балқыту, кеңістікті игеру, соғыс пен бейбіт тіршілікті ұштастыру – осының бәрі біздің ата-бабаларымыздың ақыл-ойы мен өмірлік тәжірибесінен туған.



Шапағат ӘБДІР

Еуразия кеңістігінде металл өндіру ісін алғаш игергендердің қатарында дала тұрғындары тұрғаны белгілі. Алтыннан әшекей бұйым соғып, мыстан қазан-ошақ құйып, темірден қару-жарақ пен тұрмысқа қажетті құралдар жасаған. Сол металды өңдеу мәдениетінің бір жарқын көрінісі – таға. Қарапайым ғана темір бұйым болып көрінгенімен, тағаның артында тұтас бір өркениеттің ізі жатыр.

Таға жасау – ата-бабамыздың жылқыны қолға үйреткеннен кейінгі ең ірі жаңалықтарының бірі деуге болады. Себебі жылқы – көшпенді өмірдің өзегі, тіршіліктің тірегі, еркіндіктің символы болды. Атсыз дала өмірін елестету мүмкін емес. Ал аттың ұзақ жолға шыдауы, жорықта мүдірмеуі, ауыр салмаққа төтеп беруі тікелей оның тұяғының саулығына байланысты. Осы қажеттіліктен барып таға пайда болды. Бұл – табиғатты бақылаудан, тәжірибеден туған тапқырлық.

Әрине, тағаны тек көшпенділер ғана ойлап тапты деп кесіп айту да біржақты пікір болар. Тарихи деректерге жүгінсек, VI ғасыр шамасында герман, славян және венд тайпалары арасында да ат тағалау тәжірибесі болғаны айтылады. Ал грек дерегінде IX ғасырда тағаланған ат туралы мәліметтер кездеседі. Еуропада бұл үрдіс XIII ғасырда кеңінен тараған. Дегенмен, қай халықта болмасын, таға ең алдымен көшпелі өмір салтымен, ұзақ сапармен, кең далада еркін қозғалыспен тығыз байланысты болды. Сондықтан тағаның шын мәніндегі қадір-қасиетін көшпенділерден артық түсінген жұрт кемде-кем.

Қазақ дүниетанымында таға – тек шаруашылық құралы ғана емес, береке мен бақтың, жолдың ашықтығының нышаны. Сол себепті тағаға қатысты сөздер мен ұғымдар ауыз әдебиетінде, жыр-дастандарда жиі кездеседі. Мысалы, Қабанбай батыр жырындағы:

«Әй шағалақ, шағалақ,
Неғып жүрсің жағалап.
Құбас атты алып кел,
Төрт аяғын тағалап» деген жолдардан батырдың жорыққа дайындалып, ел қорғау жолына шығуға бекінген сәтін байқауға болады. Атты тағалау – соғысқа, ұзақ сапарға әзірліктің белгісі. «Ең мықты деген құбас аттың өзін тағаламай мінбеген екен-ау» деген ой да осындайда келеді. Бұл – көшпенділердің ұсақ-түйекке дейін мән бергенін, әр нәрсенің парқын білгенін көрсетеді.

МАҚАЛДЫҢ ДА МӘНІ БАР

Сондай-ақ тағаға қатысты мақал-мәтелдер де оның қазақ өміріндегі орнын айқын аңғартады. Мәселен, «Тұлпарды алтын тағамен тағаласа, есек те емексіп аяғын көтеріпті» деген тәмсіл – құр мақтан мен орынсыз еліктеуді әжуалау. Ал «есегін жоғалтқан – тағасын іздейді» деген сөз – ұсақ дүниеге бола үлкенді ұмыту, не болмаса бар қадірді кеш түсіну мағынасында айтылған. «Ақсақ атқа – алтын таға» деген тіркес те қазақтың мысқылға толы философиялық ойлау жүйесін көрсетеді: жөн-жосықсыз жасалған жақсылықтың да баянсыз болатынын меңзейді. Сонымен қатар, халық арасында тағаны киелі санау, оны үйге іліп қою, жолға шығарда ырым ету секілді сенімдер де болған. Мұның бәрі тағаның тек тұрмыстық бұйым емес, рухани мәнге де ие екенін көрсетеді. Кейде тіпті, «Атыңның жүрісі болмаса, тағаңның күмісі кімге керек» деп шалқаятын да осы қазақ. Бұдан біз тағаның орны қай кезде де ерекше болғанын аңғара аламыз. Қарап тұрсаңыз, бұл мақалдың өзінен-ақ тағаның функционалдық мәнінен бөлек, философиялық астарын аңғаруға болады.

ЭПОСТАҒЫ АСТАРЫ

Ал қазақтың ауыз әдебиеті мен эпикалық жырларында тағаға қатысты бейнелі тіркестердің жиі ұшырасуы оның көшпенділер санасындағы айрықша орнын көрсетеді. Мәселен, халық эпостарында кездесетін:

«Арғымақтың аяғын
алтынменен тағалап,
Күміспенен шегелеп,
Игі жібек тұрғанда,
Арқанменен тұсар ма?!» деген шумақ – ат пен ердің, еркіндік пен сенімнің символдық көрінісі. Мұндағы алтын таға мен күміс шеге – байлықтың ғана белгісі емес, тұлпардың қасиетін арттыратын, оның қадірін танытатын көркем деталь. Яғни, аттың тағалануы – еркіндіктің шектелуі емес, керісінше, оның жолын ашатын амал.

Ел ішінде кең тараған «Шеге тағаны, таға атты, ат ерді ұстайды. Ер елді ұстайды» деген мәтел де терең мағынаға ие. Мұнда бір-біріне тәуелді тізбекті жүйе көрсетіледі. Бір қарағанда мұндағы ең кішкентай бөлшек – шеге, одан таға, ат, ер, ақырында ел тағдырына дейін жалғасады. Бұл – көшпенділердің дүниені жүйелі, өзара байланыста қабылдағанының айқын дәлелі. Ұсақ нәрсенің өзі үлкен жауапкершілікке ұласатынын қазақ осылайша бір ауыз сөзбен түйіндеген.

ТАҒА ТУРАЛЫ БҮГІНГІ ТАНЫМ

Бүгінгі таңда да тағаны бақыттың, жолы болғыштықтың нышаны ретінде үйдің төріне немесе есігіне іліп қоятындар кездеседі. Бір қарағанда, бұл – ырымшылдық сияқты көрінгенімен, оның түп-тамыры терең жатыр. Таға – жылқыға деген құрметтің, көшпенді рухқа деген іштей тағзымның белгісі. Қазақ үшін жылқы қасиетті болғандықтан, оған қатысты кез келген бұйым да киелі саналған.

Тағаға қатысты тәрбиелік мәні зор мысалдардың тағы бірі – ағартушы Ыбырай Алтынсариннің балаларға арналған нақыл әңгімесі. Әңгімеде әкенің жолдан ескі тағаны көтеріп алуы, оны теміршіге сатып, шие алуы және баласына сабақ беруі – қазақы дүниетанымдағы үнемшілдік, еңбекқорлық, заттың қадірін білу ұғымдарын ашып көрсетеді. Мұндағы негізгі ой – тағаның материалдық құнында емес, оны бағалай білуде. Әкенің: «Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боласың» деген түйіні – тек тұрмыстық кеңес емес, өмірлік философия. Бұл мысал арқылы кішкентай ғана темірдің көшпенділер санасында қаншалықты мәнді болғанын аңғарамыз.

Тағаның символдық мағынасы жыраулар поэзиясында да терең өрнектелген. Қазақтың от ауызды, орақ тілді жырауы, батыр ақын Махамбет Өтемісұлы өзінің өлеңінде:

«Арғымаққа айдай
таға қақтырса,
Кілегей қатқан Еділдің,
Көкше мұзынан таяр ма?» деп жырлайды. Мұндағы «айдай таға» тіркесі – тағаның беріктігін, арғымақтың қуатын асқақтата көрсету үшін қолданылған көркем бейне. Ақын үшін таға – жай ғана темір емес, тұлпардың қуатын арттыратын, табиғаттың тосқауылына қарсы тұрар рухани күштің символы.

Осы мысалдардың барлығы тағаның қазақ өміріндегі орнының кездейсоқ емес екенін дәлелдейді. Таға – көшпенді өркениеттің техникалық жетістігі ғана емес, тәрбиелік, философиялық, рухани мәнге ие мәдени белгі. Мәселе – темірдің өзінде емес, оның таға болып жасалуында, яғни жылқы тағдырымен, адам жолымен, ел болмысымен байланысында. Сондықтан таға туралы сөз – бір ғана бұйым жайлы әңгіме емес, тұтас дала өркениетінің рухани кодын ашу деген сөз.

Сондай-ақ үй есігіне таға ілу дәстүрі біздің елімізде ғана ғана емес, адамзат тарихында ертеден қалыптасқан дәстүрлермен үндеседі. Археологиялық және тарихи деректерге сүйенсек, бұл әдет Ежелгі Египет пен Рим империясында де кездескен. Сол кезде аттың тағасы тек аса бай, әлеуметтік мәртебесі жоғары адамдардың қолында болған. Егер аттың тағасы түсіп қалса, оны сәтсіздік пен зұлымдықтың белгісі ретінде қабылдаған. Осы дәстүрдің жалғасуы қазіргі Қазақстанда да аңғарылады. Кейбір қазақ үйлерінде таға іліп қою – тек әшекей емес, үйге бақыт әкелетін нышан ретінде сақталғаны содан.

Бұдан бөлек, батыс және шығыс халықтарында да тағаға қатысты ұқсас нанымдар кездеседі. Үндістан, Ресей, Еуропа елдерінде темір таға «бақыт тұмары» ретінде бағаланған. Көшеден табылған тағаны үйге әкеліп, есігіне шегелеу арқылы адам өз үйіне сәттілік пен амандық әкелеміз деп сенген. Таңқаларлығы, жылқының тек артқы аяғының тағасын ерекше құрметтеген. Аңыздарға қарағанда, зұлымдық пен жасырын күштер темірден жасалған таға мен оны жасаған ұсталардан қорқатын болған, яғни бұл нанымдар арқылы таға зұлымдықтан қорғайтын құралға айналған.

Сондай-ақ халық сенімі бойынша, таға қолға жеткен тілекті орындауға, табысқа жетуге, байлыққа, отбасы махаббатына ықпал етеді деп саналған. Мұның бәрі – тек ырымшылдық емес, мәдениет пен руханияттағы маңызды белгі. Таға тек жылқыны қорғайтын құрал емес, адам мен табиғат арасындағы, өткен мен бүгінгі күн арасындағы байланысты білдіретін символға айналған. Айналып келгенде, міне, осының барлығының да негізгі астары мәдениетімізбен, руханиятымыздағы тағаның орнын көрсетіп тұрғандай.

№10 (4908) 27/01/2026 Сейсенбі



АРАЛАП ЖЕРДІҢ ЖҮЗІН ЖҮРЕР СӨЗІ

Елордада Сыр сүлейі Тұрмағамбет Ізтілеуұлының шығармашылық мұрасына арналған «Аралап жердің жүзін жүрер сөзім» атты рухани-танымдық кездесу кеші өтті.

Ғылыми-мәдени бағытта ұйымдастырылған бұл іс-шара жыраулық әдеби мұраны жаңғыртуға және қазақ жазба поэзиясының көрнекті өкілдерінің мұрасын кеңінен насихаттауға бағытталған маңызды бастама болды. Кездесу барысында Тұрмағамбет жыраудың шығармашылық жолы, әдеби мұрасының ерекшелігі мен қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесі жан-жақты сөз етілді.

Тұрмағамбет Ізтілеуұлының жырлары мен дастандары терең философиялық мазмұнымен, адамды изгілікке, білімге, парасат пен сабырға үндейтін рухани қуатымен құнды екенін кеш бойында орындалған жырларынан ұқтық.

Жыраудың поэзиясы жеке тұлғаның ішкі дүниесін кемелдендіріп қана қоймай, қоғамның рухани жаңғыруына қызмет ететін көркемдік-эстетикалық құбылыс ретінде бағаланады. Кеште ақын, тұрмағамбеттанушы ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Ләйлі Құндақбай ақынның өмірі мен қызметіне қатысты маңызды деректерді жүйелі түрде таныстырды.

Тұрмағамбет Ізтілеуұлы – араб, парсы, шағатай тілдерін жетік меңгерген, Бұқарадағы «Мир-Араб» және «Көкілташ» медреселерінде білім алған, шығыс әдеби дәстүрін терең игерген ақын-ағартушы. Оның нәзиралық дәстүрдегі дастандары, жазбаша айтысты дамытудағы еңбегі және Сыр бойындағы жазба айтыс мектебінің қалыптасуына қосқан үлесі қазақ әдебиетінің жанрлық жүйесін байытты.

Ақынның Фердоусидің «Шаһнамасын» қазақ тіліне еркін аударуы (40 мың жол) – ұлттық аударматану ғылымындағы ірі жетістік. Бұл – шығыстық классикалық мұраны қазақ оқырманына жақындатып, ұлттық мәдени кеңістікті кеңейткен құнды еңбек.

Тұрмағамбет Ізтілеуұлы шығармашылығын кешенді зерттеу қазақ жазба поэзиясының эволюциясын нақтылауға, шығыс пен қазақ әдеби дәстүрлерінің сабақтастығын ашуға және ұлттық рухани құндылықтарды білім беру үдерісіне енгізуге мүмкіндік береді. Сондықтан ақын мұрасын ғылыми айналымға кеңінен тарту – бүгінгі гуманитарлық ғылымдар үшін өзекті міндет болып қала береді.

Меруерт ТІЛЕБАЛДИЕВА

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРДІҢ «ҚЫСҚЫ ШАБЫТЫ»

Астана қаласының Алматы ауданы бойынша Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында «Қысқы шабыт» атты арт-терапия үйірмесінің қысқы көрмесі ашылды. Экспозицияда үйірме қатысушыларының қыс мезгіліне арналған көркем және қолданбалы өнер туындылары ұсынылған. Онда қыстық табиғат көріністері, мерекелік атмосфера, жеке естеліктер мен осы кезеңге байланысты ішкі сезімдер көркем түрде бейнеленген.

Көрмеге арт-терапиялық сабақтар барысында орындалған жұмыстар қойылып, изотерапия мен сәндік-қолданбалы өнердің әртүрлі техникалары қамтылды. Атап айтқанда, кинусайга, кілем техникасы, жүннен жасалған акварель және бисермен жұмыс жасау әдістері қолданылған. Бұл тәсілдер зейнеткерлердің шығармашылық әлеуетін ашып, эмоционалдық жай-күйін жақсартуға бағытталған. Экспозицияға арт-студия үйірмесінің тұрақты қатысушыларымен қатар, жаңадан қосылған зейнеткерлер де қатысты. Көрмеде шамамен 40 қатысушының жұмысы ұсынылып, әр автордың жеке шығармашылық көзқарасы мен стилі көрініс тапты.



«Қысқы шабыт» көрмесі көктемгі көрме ашылғанға дейін жалғасып, студияның маусымдық көрмелер өткізу дәстүрін жалғастырады. Жоба қатысушылардың шығармашылық дамуына ықпал етіп, көрермендерге эстетикалық әсер мен жағымды көңіл-күй сыйлайды.

– Бұл көрме қыстың тыныштығы мен жарығын, өзіндік көңіл-күйі мен рухани әсерін жеткізетін шығармашылық кеңістік ретінде ұйымдастырылды. Сурет өнерін сүйіп тамашалайтын қала тұрғындарын әжелеріміздің шығармаларымен танысуға шақырамыз. «Қысқы шабыт» көрмесі Қошқарбаев даңғылы 29/1 үйде қыс айларының соңына дейін жалғасатын болады, – дейді көрме ұйымдастырушы Айгүл Қожахметова.

Жалпы Алматы ауданы бойынша арт-терапия үйірмесі 2022 жылдан бері жұмыс істеп келеді, үйірмеге қолөнер шебері Айгүл Қожахметова жетекшілік етеді.






ҚЫЗ ЖИЫРМАҒА ТОЛҒАНДА

29 қаңтар 19:00

Қуанышбаев театры



КҮЛШЕҚЫЗДЫҢ ШЫНЫ ШӘРКЕЙІ

30 қаңтар 12:00


Қуыршақ театры



ҚАРАГӨЗ

30 қаңтар 19:00

«Жастар» театры



«ТУРАНДОТ»

30 қаңтар 19:00

Мәмбетов театры

ШАҢҒЫ ЖАРЫСЫ ШЫНЫҚТЫРДЫ

Астананың Орталық саябағындағы шаңғы-роллер трассасында шаңғыдан ауқымды жарыс өтті. Іс-шара қысқы спорт түрлерін насихаттау, бұқаралық спортты дамыту және салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылды.



Жарысқа жас ерекшеліктеріне қарай 8 санат бойынша 500-ден аса шаңғышы қатысты. Қысқы спорт мерекесін қала тұрғындары мен қонақтары отбасы мүшелерімен бірге тамашалады. Олардың бірі – әкелі-балалы Ержан Тұрсынбекұлы мен Тұрсынбек Ермұхамет.

«Біз отбасымызбен бірге қысқы шаңғы спортымен тұрақты түрде айналысамыз. Қазіргі жарысқа балам қатысып жатыр. Одан кейінгі ересектер арасындағы жарысқа өзім қатысамын. Бүгінгі көңіл күйіміз өте жақсы. Бұқаралық спортты дамытуға арналған осындай шаңғы жарысы Астанада жыл сайын өткізіледі. Қала әкімдігіне, ұйымдастырушыларға алғысымыз зор. Бұл жарысқа біз былтырдан бері қатысып келеміз. Биыл екінші рет бақ сынап отырмыз. Мен 40-49 жастағылар арасындағы жарысқа қатысамын» деді жарысқа қатысушы қала тұрғыны Ержан Тұрсынбекұлы.

Ал оның 13 жастағы ұлы Ермұхамет шаңғы жарысынан алғаш рет жүлдегер атанды.



«Спорттық жарыстарға қатысқанды ұнатамын. Алдағы жарыстардан да қалмауға тырысамын. Шаңғыдан алғаш рет жетістікке жетіп, керемет сезімге бөленіп тұрмын. Көңіл күйім тамаша» деді №64 мектептің оқушысы Ермұхамет Тұрсынбек.

Мерекелік іс-шара аясында спорттың 5 түрі бойынша жарыстар ұйымдастырылды. Қатысушылар армрестлинг, гір көтеру, белбеу күресі және арқан тарту сайыстарында күш сынасты. Жарыстар 75 келіге дейін және 75 келіден жоғары салмақ дәрежелері бойынша өтті.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер медальдармен, мақтау қағаздарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №10

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ